# Жетісу шұғыласы



№ 17 (9006), жұма, 10 мамыр 2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ




*Қадірлі отандастар!*
*Сіздерді Отан қорғаушы күнімен құттықтаймын!*

*Еліміздегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтап, қастерлі құндылықтарды орнықтыра түсу үшін бұл мерекенің маңызы зор.*

*Әскери борышты өтеу Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі екені анық. Халыққа қалтқысыз қызмет ету – әрбір адал азаматтың перзенттік парызы.*

*Қазақстан ұлттық мүддені қорғауға, аумақтық тұтастықты сақтауға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге баса мән береді. Айбынды армиямыз егемендігіміздің кепілі, мемлекеттілігіміздің мызғымас тірегі саналады.*

*Біз әскеріміздің әлеуетін оқу-жаттығу жиындарында ғана емес, нақты міндеттерді жүзеге асыру барысында да көріп жүрміз. Алапат тасқын ел-жұртқа қауіп төндіргенде, сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Олар өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, отаншылдықтың озық үлгісін көрсетті.*

*Еліміздің қорғаныс қабілетін күшейту және әскери қызметкерлерді қолдау қашанда мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді.*

*Қарулы Күштеріміздің мерейі үстем болсын!*

*Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!*

## ЕР – ЕЛІНІҢ ҚОРҒАНЫ



*Отан қорғау - азаматтардың бір басындағы көп борышының ішіндегі аса қасиеттісі әрі киелісі.*

*Мемлекеттің негізгі сүйеніші, тірегі ол - Әскер. Сондықтан әскер қай уақытта болса да бірінші орында тұруы керек. Президентіміздің тәуелсіздікті нығайту, кешегі ата - бабаларымыздың ерлік жолына адал болу жөніндегі әңгімелері ең алдымен елдің Қарулы Күштеріне тікелей қатысты. Тәуелсіздікті қорғау, оның берік сақшысы, қуатты қорғаны болу бүгінгі ел жауынгерлерінің алдындағы үлкен міндет.*

*Осыдан 32 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Тәуелсіз мемлекетіміздің төл Қарулы Күштерін құру туралы жарлыққа қол қойған болатын. Өткен уақыт ішінде еліміздің басты құндылықтары – бейбіт өмір мен тыныштықты, өркениетті елдер қатарында қарыштап дамудың алып қадамдарын жасап келе жатқан мемлекетіміздің әскери кауыпсіздігін қамтамасыз ету жолында талай іс атқарылды.*

*Кәсіпқой армияға аяқ басқан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы, әскери тәртібі, жеке құрамның моральдық - психологиялық жағдайы жоғары деңгейде болуы әскери қызметшілердің Отанды қорғауда қаншалықты дайын екендігін көрсетуі тиіс.*

*Бүгінгі сарбаздарымызда патриоттық сезім, отансүйгіштік қасиеті айрықша екенін атап айтқан жөн. Бұл қазақ елінің болашағы жарқын, халық ертеңінің тұтқасы осы сарбаздар қолында болса, онда биіктегеніміз, қанатымызды кеңге жайғанымыз, күн астындағы бүркіттей алысқа самғағанымыз деп білуіміз керек.*

*Тәуелсіз еліміз төл армиясы қатарында қызмет ету - үлкен құрмет. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметшілерді және жеке құрамын Отан қорғаушылар күнімен, Қазақстан Қарулы Күштерінің 32 жылдығымен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметте биік табыс- тар тілеймін.*

**Д.НҰРТӨЛЕУҰЛЫ**
Ізгі тілекпен Ескелді және Көксу аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы

## 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ



*7 мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғандықтан, бұл күн «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» деп жарияланды. Жылдағы дәстүр бойынша, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнінде құттықтау рәсімдері өткізіледі. Аталмыш Мемлекеттік мереке Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылындада аталып өтілді. Қарабұлақ ауылындағы 18386 әскери бөлімінде Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Жанар Байұзақованың қатысуымен мерекелік шара өтті. Құрметті Отан қорғаушылар! Бейбіт күніміз бен балаларымыздың күлкісі үшін, тыныш өміріміз үшін әрқайсыңызға алғыс айтқым келеді. Өз мемлекетіңді, халқыңды қорғау құрметіне ие болу қандай бақыт! Әрбір ер-азамат қорғаушы болып жаратылған. Бұл күні біз Қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.*

*Бұл — ерекше мереке, біз бұл күні Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісін көрсеткен барлық жерлестеріміз, Ауғанстанның отты жолдарымен өткен ержүрек жауынгерлер алдында тағзым етеміз. Уақыт алмасады, ұрпақтар өзгереді, бірақ Отанға сүйіспеншілік, қажырлылық, ерлік, жауынгерлік рухымыз өзгеріссіз қалады. Ол - Отанының, отбасының қорғаны. Құрметті Отан қорғаушылар, мереке құтты болсын! Шаңырағыңыздан ынтымақ пен береке кетпесін-деп жылы лебізін білдірген Жанар Қанатқызы әскери бөлімнің қызметкерлерін Отан қорғаушылар күнімен құттықтап, әскери қызметкерлерді Аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады. Мерекелік кешке Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған ән-шашулары көрсетілді.*

## ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!



*Сіздерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңістің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл мерекелер батырлардың даңқты рухын ардақтап, Отанға адал қызмет етуді айқындайтын айтулы күндер. Ерлік-елге мұра, ұрпаққа - үлгі. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсіп, Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды. Қаншама боздақтар ұрыс даласынан қайтпай қалды. Арын – байрақ, намысын найза еткен ерлердің қаһармандығы аңызға айналды. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыста біздің жерлестеріміз қайсар ерліктің үлгісін көрсетіп, есімдерін тарих бетіне алтын әріппен жазды. Жеңіс күні адалдық пен еліне деген жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен қаһармандардың рухы алдында бас иіп, тағзым етеміз. Ерлігімен тарих парағында өшпес із қалдырған аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Олардың есімдері халықтың жүрегінде мәңгі сақтала беретін болады. Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де – осынау мерекенің жемісі. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісін ұлықтаған даңқты мереке-батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі болып саналады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің сарбаздары бұл даңқты жоғары абыроймен жалғастырып келеді. Қадірлі ардагерлер! Сіздерді Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бейбіт өмір, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Қымбатты Отан қорғаушылар! Сіздерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 32 жыл толу мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміздің шекарасын айқындап, түпқазығын қақтық, іргемізді бекіттік. Сол шекарамыздың бекемдігі, аспанымыздың ашық болуы, ел бақытының баянды болуы-Отан қорғаушылар қолында екені бәрімізге белгілі. Осы міндетті мінсіз атқарып келе жатқан Қарулы Күштер - Тәуелсіздіктің, қоғамдағы татулық пен келісімнің мызғымас тірегі болады деп сенемін. Сіздердің қауіпсіздік саласындағы айбынды істеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт пен береке тілейміз. Бейбіт таңдарымыз таусылмасын!*

*Ахметов Елдос ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,*
*Ескелді ауданының әкімі.*



# ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚАЗАҚСТАННАН ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙДЫ ЗАҢСЫЗ ӘКЕТУДІҢ 900-ГЕ ЖУЫҚ ФАКТІСІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕДІ



*ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен кеңесте Қазақстанның ішкі нарығын жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Оған Энергетика министрлігі, Қаржылық мониторинг агенттігі, ҰҚК Шекара қызметі, Мемлекеттік кірістер комитеті және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығы қатысты.*

*Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев пен «ҚазМұнайГаз» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мирзағалиевтың айтуынша, нарықтағы жағдай тұрақты және жанар-жағармайдың барлық түрі бойынша қор жеткілікті. Көктемгі егіс жұмыстары үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизельдік отын жеткізу бірінші кезекте жүргізіліп жатқаны атап өтілді.*

*ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары Бауыржан Әбсаматов мұнай өнімдерінің көлеңкелі ағыны мен «сұр» экспортын болдырмау бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады. Атап айтқанда, Мемлекеттік кірістер комитетімен бірлесе отырып, жыл басынан бері бақылау-өткізу бекеттерінде шамамен 130 мың литр көлемінде жанар-жағармайды заңсыз әкетудің 900-ге жуық дерегі анықталып, жолы кесілді.*

*Бұдан бөлек, жыл басынан бері Қаржылық мониторинг агенттігінде жалпы құны 1,6 млрд теңге болатын 6 мың тонна жанар-жағармайдың заңсыз сатылуы бойынша 13 материал тіркелді.*

*Сондай-ақ кеңесте ресейлік тараппен қажет болған жағдайда жанар-жағармай жеткізу туралы Үкімет деңгейіндегі келісім бар екені атап өтілді.*

*Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-Министрдің бірінші орынбасары ішкі нарықта жанар-жағармай тапшылығын болдырмау және оны елден заңсыз шығару әрекеттерінің жолын кесу бойынша нақты тапсырмалар берді.*

**primeminister.kz**

# ҚАЗАҚСТАН ЖАЗ СОҢЫНА ДЕЙІН ҚАНТ ЭКСПОРТЫНА ТЫЙЫМ САЛАДЫ



*Бұл алдағы жазғы маусымда қазақстандықтардың қантқа деген сұранысын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.*

*6 мамырда вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қант қызылшасының жаңа өнімі жиналғанға дейін ішкі нарықты қантпен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.*

*Қазіргі уақытта қоймалардағы қант қорының және Қазақстанға импорт көлемінің теңгерімі шамамен 256 мың тонна, бұл елдің жылдық қажеттілігінің жартысы (500-550 мың тонна).*

*«Бүгінде қоймалардағы қант пен шикі құрақ қоры 136 мың тонна. 2024 жылдың 31 тамызына дейін квотамен ресейлік қанттың 120 мың тонна көлеміндегі импортын қосқанда, бұл шамамен 256 мың тоннаға дейін жетеді. Сонымен қатар Қазақстанда 2024 жылдың соңына дейін өңдеуге арналған 300 мың тонна шикі құрақты бажсыз әкелуге квота бар. Орта есеппен айлық тұтыну жазда 46 мың тонна, сұраныс 60 мың тоннаға жетеді. Қолданыстағы қант қоры жаңа өнімге дейін қантқа деген сұранысты өтеуге жеткілікті», — деді ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков.*

*Жақын арада қазақстандық тарап ресейлік әріптестерімен қант жеткізу квотасын жыл соңына дейін тағы да 100 мың тоннаға ұлғайту бойынша келіссөздер жүргізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар қазақстандықтарды қантпен үздіксіз қамтамасыз ету үшін ведомствоаралық комиссиямен 2024 жылғы 31 тамызға дейін Қазақстаннан үшінші елдерге, оның ішінде халықаралық транзитті қоспағанда, ЕАЭО-ға қатысушы елдерге қант экспортына уақытша тыйым салуды енгізу туралы ұжымдық шешім қабылданды.*

**primeminister.kz**

# АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ОСЫНДАЙ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНАДЫ



*1.Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру*

*2.«Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»*

*3.Жер учаскесін алу үшін кезекке қою*

*4.Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу*

*5.Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.*

*Электронды қызметтерді пайдалану үшін, біріншіден электрондық- цифрлық қолтаңба болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан. «Egov.kz» электронды веб-порталынан алып, әрі қарай флеш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады. Сондай-ақ әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта қажетті қызметтерді ешкімнің көмегінсіз санаулы минуттарда жылдам, сапалы және тегін ала аласыз. Электрондық порталмен жұмыс істеу барысында қиындықтар туындаса, мемлекеттік органдардың қызметкерлерінен кеңес алуға болады немесе 1414 операторына хабарласу қажет.*

**А.Д.БИБОЛОВА**
**«Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы (87283628576)**

# ҰОС АРДАГЕРЛЕРІНЕ 9 МАМЫРҒА ОРАЙ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДЕН БІРЖОЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТӨЛЕНДІ



*Ұлы Отан соғысының барлық қатысушысына 9 мамырға орай жергілікті бюджеттер есебінен біржолғы ақшалай төлемдер берілді.*

*Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық өңірі мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында ардагерлерге төлем жасалды. Аталған мақсаттарға жергілікті бюджеттерден барлығы 187 млн теңге бөлінді.Әлеуметтік көмек көрсетудің қолданыстағы қағидаларына сәйкес 9 мамырға орай берілетін біржолғы төлемдер сомасы жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктеріне және мәслихаттардың шешімдеріне байланысты әр облыста дербес белгіленеді.*

*ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынысы бойынша соңғы жылдары көптеген облыстарда ардагерлерге төлемдер бірыңғай мөлшерде төленеді.*

*Мәселен, биыл республика бойынша біржолғы әлеуметтік көмектің орташа мөлшері 1,5 млн теңгені құрады. Бұл ретте көптеген өңірлерде орташа мөлшерден жоғары сома төленді: Ақмола облысында – 3 млн теңге, Ақтөбе облысында – 2 млн теңгеден астам. Абай, Алматы, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана және Алматы қалаларында ҰОС қатысушылары 2 млн теңгеден алды.*

*Бүгінде республикада Ұлы Отан соғысының 148 ардагері тұрады. ҰОС қатысушыларына әлеуметтік қолдаудың басқа да түрлеріне қарамастан ай сайын 16 АЕК (2024 жылы 59 072 теңге) мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.*

**primeminister.kz**

# ҮШ ІРІ КОМПАНИЯ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҮЙ САЛУҒА ЖӘНЕ САТЫП АЛУҒА ШАМАМЕН 28 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛЕДІ

***Вице-премьер Қанат Бозымбаев, BI Group холдингінің акционері және директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, «Верный Капитал» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Дәурен Өтемұратов пен «Қазхром» ТҰК» АҚ (ERG компаниялар тобы) бас директоры Сергей Прокопьев Ақтөбе облысында болды***.

Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың айтуынша, өңірде жағдай тұрақтанды, өзендердегі су деңгейі төмендеп келеді. Ырғыз, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Қобда, Әйтеке би аудандарында және Ақтөбеде жергілікті деңгейде ТЖ режимі әлі де сақталуда.

Барлығы 4600 тұрғын үй апаттан зардап шекті. Бүгінгі таңда 1 мыңнан астам үй мен саяжай тексеріліп, оның 641-і жөндеуге жатпайтыны анықталды.

BI Group холдингі Әйтеке би және Мұғалжар аудандарында 40-қа жуық үй салуға кірісті. Сондай-ақ компания Ақтөбе қаласында баспанасыз қалғандарға 34 пәтер сатып алады. Жұмысты тамыздың ортасында аяқтау жоспарлануда. Бұл мақсатқа компания 2 млрд теңге бөлді.

«Су тасқыны кезінде апатқа қарсы күреске барлығы 5 млрд теңге бөлдік, оның 2 млрд-ы Ақтөбе облысына бағытталады», — деді Айдын Рахымбаев.

Қобда ауданында қосымша 150 тұрғын үй салуға, сондай-ақ Ақтөбе қаласында және облыс аудандарда 269 пәтер мен үй сатып алуға «Верный Капитал» компаниясының негізін қалаушы Болат Өтемұратовтың жеке қоры демеушілік етпек.

«Жалпы Ақтөбе облысына 11,5 млрд теңге бөлінеді. Өткен аптада Әйтеке би ауданының Жүргенов ауылында жаңа үйлер сатып алына бастады. Алғашқы бес үй зардап шеккендерге берілді. Осы аптада тағы 15 үйді тапсыру жоспарлануда», — деді Дәурен Өтемұратов.

Өз кезегінде ERG компаниялар тобы өңірге шамамен 15 млрд теңге бөледі.

«ERG барлық кәсіпорындары су тасқынының салдарын жою үшін қолдан келгенше көмек көрсетеді. Компаниялар тобының акционерлері қалпына келтіру жұмыстары үшін шамамен 40 млрд теңге бөлді. Ақтөбе облысында біздің компаниялар төтенше жағдайдың алғашқы күндерінен бастап жергілікті атқарушы органдармен белсенді қызмет етуде. Біз техника беріп жатырмыз, сонымен қатар волонтерлеріміз де белсенді көмектесуде», — деді Сергей Прокопьев.

Вице-премьер Қанат Бозымбаев халықпен кездесу барысында өңірдегі жалпы ахуал, залалды өтеу және тұрғын үйлерді қалпына келтіру туралы айтып берді.

Атап айтқанда, жалпы сомасы 877 млн теңге болатын 100 АЕК мөлшеріндегі алғашқы біржолғы көмек 2700 отбасына көрсетілді. Жоғалған немесе бүлінген мүлікті өтеу шеңберінде 344 отбасына 600 млн теңге төленді. Қалған зардап шеккендерге қаражат жақын арада толық төленетін болады.

«Су тасқынынан келтірілген залалды жою үшін жергілікті бюджеттен 7,8 млрд теңге қарастырылған. Алайда тұрғын үй қорынан басқа 136 шақырым жолды, 15 көпір мен 23 әлеуметтік нысанды қалпына келтіруіміз қажет. Елімізге белгілі ірі кәсіпкерлер көмек қолын созды. Біз Ақтөбе облысына үш компанияны бекітеміз. BI Group, «Верный Капитал» және «Қазхром» бірге өңірге тұрғын үй салуға, сатып алуға және инфрақұрылымды қалпына келтіруге шамамен 28 млрд теңге бағыттайды. Тұрғын үй салу үшін әкімдік 26 мердігерді анықтады, қазіргі уақытта 63 үйдің құрылысы жүріп жатыр», — деді вице-премьер Қанат Бозымбаев.

Ырғыз ауданында 54 үй салуға тағы 1,5 млрд теңге «Қазақстан халқына» қорынан бөлінеді.

**primeminister.kz**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ




***Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.***

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік халахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіпөнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

**Берік ОҢАЛБАЙҰЛЫ,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл.**

# ФОРТИФИКАЦИЯ МУКИ – ЧТО НУЖНО ОБ ЭТОМ ЗНАТЬ?



***Одной из распространенных проблем, угрожающих здоровью человека, является нехватка в рационе питания витаминов и минералов, в числе которых железо и фолиевая кислота. Одним из наиболее распространенных последствий дефицита микроэлементов является анемия, проблемы, связанные с анемией, приводят к серьезным осложнениям для здоровья и благополучия людей. Недостаток фолиевой кислоты и витаминов в рационе является причиной сердечно-сосудистых заболеваний, материнской и детской смертности.***

Национальное исследование Казахской академии питания, проведенное в 2011году выявило, что анемия широко распространена среди женщин репродуктивного возраста (39%) и детей до 5 лет (35%). Решением проблемы витаминно-минеральной недостаточности во многих странах стала фортификация-обогащение продуктов питания массового и регулярного потребления недостающими компонентами. Сегодня большая часть продуктов питания в результате технологической обработки теряет свои полезные свойства.

Лучший способ их восстановления-обогащение. В частности, мука становится действительно полезной для человеческого организма после ее фортификации витаминами и микроэлементами. Фортификация представляет собой процесс внесения в муку небольших объёмов витаминов и минералов (витаминно-минерального комплекса, так называемого премикса) во время размола, что повышает качество и питательную ценность продукции. Фортификация совершено не влияет на органолептические и другие свойства муки и не вызывает побочных явлений. Обогащению подлежит мука только высшего и первого сорта, при изготовлении которой зерно очищается от оболочки, содержащей максимальное количество микронутриентов (витаминов). Срок хранения обогащенной муки составляет шесть месяцев. Производимая для реализации на территории Республики Казахстан мука пшеничная хлебопекарная высшего и первого сортов, подлежит обязательному обогащению (фортификации) железосодержащими витаминами, минералами, аминокислотами, жирными кислотами и другими веществами. И это предусмотрено также законодательством нашей страны- Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».

***На сегодняшний день в Ескельдинском районе функционирует 2 мукомольных предприятия, (мельница) где проводят обогащение (фортификацию) витаминами и микроэлементами. Это КХ «Хильниченко» и ИП «Чуйкенбаев А.А.».***

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель УСЭК
Ескельдинского района.
Т. ЖАКИШЕВ,
Главный специалист УСЭК.**

# ГҮЛНҰР АНАМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ

***Анашым!
Қайда жүрсем сен - күш, арым,
Сүйемін дидарыңды, мен құшамын.
Қайда барсам, өзіңдей қарсы алады
Кең байтақ Отанымның кең құшағы.***

***Мұқағали Мақатаев***

***Қазақсандағы барлық аналарды 12 мамыр – Аналар күнімен құттықтаймын!***

«Ана – бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді», - деген нақыл сөз нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлінің айтарлықтай екендігін дәлелдеп, оларға қуаныш сыйлау біздің міндетіміз!

Ана — әлемдегі ең ардақты да, аяулы жан. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жүрегінің астында жатқан нәрестесінен барын да, нарын да аямайтын ананың адам өміріндегі орны ерекше. Гүлдің жайқалып өсуі үшін су мен ауа қаншалықты қажет болса, баланың дұрыс жетілуі үшін де ата-ананың өнеге -тәрбиесі басым. Ана жайлы ойды айтып тауысу мүмкін емес. Анадан батыр да туады , ақын да туады.

Ана деген баласы үшін бәріне баратын , бір жеңісіне қуана қалатын ардақты жан. Дәл сондай балам болса бәріне барамын, дайынмын дейтін Гүлнұр есімді анамыздың шаңырағында, 2009шы жылы қаңтар айының 14- жұлдызында Алина есімді тұңғыш сәбиі дүние есігін ашты. Алинадан кейін Гүлнұр анамыз 6 құрсақ көтеріп, алтын алқа иегері болды. Төл басы, отбасының тұңғышы болған Алина артындағы бауыр- сіңлілеріне қарап, анасының қолқанаты әрі сырласы, мықты қамқоршысы ретінде үлкен рөл атқарады. Отбасылық дәстүрді берік ұстанған отбасы Алинаға үлкен үміт артып, әр басқан қадамына сеніммен қарайды. Балаға берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, Гүлнұр анамыз әр уақытта қызына шабыт беріп, үнемі жеңіске жетуіне өз үлесін қосуда. Қызының бастауыш сыныптан тек 5-ке оқып, үздіктер қатарына қосылғанын мақтанышпен айтады.




Абрахманова Алина кішкентай кезінен әдебиетке бейім болды. Есте сақтау қабілетінің жоғары екенін айтуға болады. Өлеңді мәнерлеп оқу, Абай Құнанбайұлының қарасөздерін жаттау, М.Мақатаевтың поэмаларын жатқа оқумен қатар, А. Яссауидің даналық хикметтерінің толық нұсқаларын жаттауда алдына жан салмайтынымен ерекшеленеді. Осындай тұнып тұрған өнерден өз бағын сынап келе жатыр. "Бұлақ көрсең, көзін аш" дегендей, алғаш Алинаның бойындағы дарынды, өнерге деген махаббатын байқап, мектепшілік, аудан аралық, облыстық, республикалық көркемсөз байқауларына қатыстырып, шығармашылық жұмысқа жетелеп, шәкірт бойындағы талантты аша білген ұстазы- Жакишева Гулнар Тоқсанбайқызының еңбегі ерен. Осындай ұстаздан тәлім алған Алинаның қазіргі кездегі жетістіктері аудан, облыс, республикалық байқауларынан жүлделі орын алып, қуанышқа кенелуде. Атап айтсақ, 2022 жыл "Мұқағали оқулары" аудандық кезең I орын, 2022 жыл "Абай оқулары" облыстық кезең I орын , 2022 жыл "Абай оқулары" республикалық кезең сертификат, 2023 жыл "Әбіш оқулары"облыстық кезең II орын, 2023 жыл Мұқағали Мақатаев "Халқаралық ғасырлар перзенті" байқауы I орын, 2024 жыл "Қожа Ахмет Яссауи оқулары" аудандық кезең I орын, 2024 жыл "Қожа Ахмет Яссауи оқулары" облыстық кезең III орын, 2024 жыл "Қожа Ахмет Яссауи" республикалық кезеңнен мақтау грамотасымен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Атап отырған кейіпкеріміз қазіргі уақытта негізгі мектепті Қызыл аттестатқа бітіретін үміткер. Осындай мақтан тұтарлық ұрпақ тәрбиелеген ата-анасына, әсіресе әрқашан қолдау көрсеткен Гүлнұр анамызға мың алғыс! Сіз бақыттысыз, Гүлнұр апай!

**Сапар Ляйля ТЫНЫСПЕККЫЗЫ,
Титов атындағы орта мектебінің мұғалімі**

# АНА - ТІРШІЛІКТІҢ КӨЗІ




***Қазақстан ұлы державада болуы үшін бізге күшқуат, қажыр қайраты мол, ақылды да ойлы , дарынды жастар керек.***

***Н.Ә.Назарбаев***

***Мен барлық аналарды 12-мамыр аналар күнімен шын жүректен құттықтаймын!***

***Адам бойындағы барлық жақсы қасиет күннің нұрынан, ананың сүтінен тараған. Ана дегеніміз – өмірдің бастауы мен таусылмайтын жалғасы. Ана - тіршіліктің көзі.***

***Ана ақылды болса, бала дана болады.Ұлы ақынды да ,ойшыл данышпанды да, ел басқарған ел ағасын да, ғалымды да өмірге әкеліп, әлпештеп өсіріп, ақ сүтімен нәр берген –Ана. Сондықтан біз ананы күнге теңейміз.***

***Ана десе әр баланың тілегі ақ, мейірімі ұшан- теңіз. Анамыздың көңілі шат , жүзі жарқын, дені сау болуын әрқашан тілейміз!***

***Мен дарынды баланы тәрбиелеп отырған Ерғалиева Ельназдың анасы Ерғалиева Айнұр туралы айтқым келеді.***

***Ельназ осы жылы ауыл олимпиядасына қатысып, аудандық, облыстық кезеңінің жеңімпазы атанды. Ал, 2024 жылдың 15-16 қаңтар аралығында, Астана қаласында өткен жаратылыстану-математика бағытында ауыл мектептерінің 9-11-сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиядасына қатысып сертификатпен марапатталды.***

***Ауыл олимпиядасы бойынша обылыстық кезеңде Ерғалиева Ельназ***

***3-орын иегері болып, дипломмен және медальмен марапатталған болатын.***

***Өзінің дара қабілетімен, дарынымен өз құрбыластарынан оза шапқан Ельназды тарбиелеп өсірген ата-анасына Ерғалиева Айнұр Оразхановнаға өз ризашылығымды білдіремін.***

***Аналар мерекесі құтты болсын!***

**Рахат МАКЫМЕТ.
Алғыс білдіруші Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Титов атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі.**

# МАМА – ЭТО САМОЕ КРАСИВОЕ СЛОВО , ПРОИЗНЕСЕННОЕ ЧЕЛОВЕКОМ




***Дайте нам лучших матерей,
и мы будем лучшими
людьми.***

***Жан Поль***

***12 мая в Казахстане отмечается самый добрый и тёплый праздник – День матери. В этот день мы благодарим наших мам за их любовь, поддержку, доброту и терпение.***

***Именно мама своей верой и заботой помогает развивать наши способности и преодолевать трудности, переживает вместе с нами победы и поражения, любит нас ещё до нашего появления на свет.***

***У каждого из нас есть такой человек в жизни, который любит нас несмотря ни на что, при любых обстоятельствах, что бы с нами ни происходило. Этот человек принимает нас полностью, со всеми недостатками и достоинствами. Этот человек любит просто за то, что ты есть. И этот человек – мама. Нельзя сказать, что мама одного человека лучше, чем мама другого. Это неправильно, поскольку для каждого именно его мама является самой-самой. Я хочу рассказать вам о маме моего ученика Манас Иброхима, её зовут Тортубаева Марал Манасовна, именно она всем сердцем и душой делает всё, чтобы её малыш вырос достойным гражданином РК..***

***В этом году Иброхим участвовал в конкурсе исследовательских проектов «Зерде», сначала в районе, а потом в области, где взял 1 место. В республике Иброхим получил почётную грамоту за особенное выступление. Тему проекта, ученик выбрал «Семейные истоки – моя история». Вместе с мамой они собрали огромный материал о своих родственниках и дошли до 5 колена своей родословной. Выступая в Республике, мой ученик очаровал членов жюри такой огромной информацией своих предков, ведь он ученик только 2 класса. Несомненно -это большая заслуга его мамы, которая вместе с ним поехала в Астану, чтобы поддержать своего малыша. Марал всегда старается вместе с сыном участвовать во всех мероприятиях школы и класса. Недавно в районе прошёл конкурс «Пушкинское чтение», где Марал вместе с другими родителями и учителем принимала самое активное участие, а её сынок исполнял главную роль в сказке. И благодаря общим усилиям, наша школа заняла 1 место.***

***В день матери, который празднуется 12 мая, хотелось бы от всей души поблагодарить Тортубаеву Марал Манасовну, за воспитание такого замечательного сына, который нетолько является участником многих конкурсов, но и ещё учится на «отлично».***

***Пожелать, Вам, Марал Манасовна крепкого здоровья, семейного благополучия и неиссякаемой энергии, которая делает Вашу жизнь и жизнь Вашего сына интересной, яркой и многообразной.***

***Мама, для нас, друг, наставник, защитник, учитель, пример и невероятно близкий человек, который всегда поддержит, подскажет, поймёт и простит.***

***С праздником, дорогие мамы!***

**Шарапиева Альмира ФАРИЛОВНА
Сш им Титова
Учитель начальных классов**

# ЕЛІМ ДЕЙТІН ЕРЛЕРІМ АМАН БОЛСЫН!



*Көз тойғысыз Қазағымның жері бар*
*Ну орман, тауы, өзені, көлі бар*
*Қазағымның жерін, елін қорғайтын*
*Жас жеткіншек, ұланы бар, ері бар!*

*Қандай тамаша айтылған өлең жолдары. Қай жағынан теңеу тапсаңда, Отан қорғаушыларымыз бен ер азаматтарымыз жайлы жан-жақты, ауыз толтырып айтсақ та артық етпейді. Кезіндегі алпауыт соғысты айтсақ, сол заманда қасық қаны қалғанынша тайсалмай, елін-жерін қорғаған осы ерлеріміз. Жаны жайсаң елімнің жанын алып қалған батырларымыз. Міне, осындай ерліктің арқасында, бейбіт заман мен тыныш өмір сүрудеміз. Біздің елімізде жауынгерлік ерлік пен әскери қызмет ерекше құрметке ие. Отанымыздың тәуелсіздігін қорғау, мемлекеттің шекарасын күзету, халықтың тыныштығы мен әл — ауқатын қорғау-ерекше абырой мен сенім. 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні! Ерлік жолын тарих жадында жандандыратын күн! Жаугершілік замандағы батырлардан бастап, кейінгі екінші дүниежүізлік соғысқа дейінгі жауынгерлердің ерлік жолы жастарға насихатталатын күн! Ерлік, батырлық, отан қорғау әйелдерге де ортақ ұғым. Мәселен, Мәншүк пен Әлия, Хиуаз бен Халида бар. Жалпы қазақ тарихында елі үшін ерлермен бірге иық тірестіріп, майдан даласында ерлік көрсеткен қаһарман қыздар жетерлік. Біз бұл күні Қарулы Күштер ардагерлеріне және егемендігіміз бен ұлттық мүддемізді қорғап тұрған антына адал сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Қазақстан деп аталатын егемен елімізді көздің қарашығындай қорғап, сақтап, келесі ұрпақ еншісіне қалдырудан артық ұлы мұрат болмаса керек. Осынау қастерлі міндет үдесінен көрініп, күндізтүні ел күзетінде қырағылық танытып, ата-баба аманатына адалдықтың асқан үлгісін көрсетіп келеміз бе? Жаһандану заманында жан-жағымыздағы құбылыстар мен оқиғаларға қарап, Қарулы Күштеріміздің қорғаныс қабілетін күшейтуге бүгінгі ұрпақ өкілдерінің қосып отырған үлесі қандай деген сауалдың туындайтындығы заңды. Осы жайында сөз қозғау үшін Ескелді және Көксу аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің бастығы, қорғаныс майоры Дидар Нұртөлеуұлы мен сұхбаттасқан едік.*

*-Дидар Нұртөлеуұлы, тарих – біздің өткеніміз бен бүгініміз демекші, сұхбатымыздың ал¬ғашқы сұрағын ел¬дің мығым қалқаны Қарулы күш¬теріміздің тарихы, әлеуеті мен құрылымына арнасақ...*

*-Өздеріңізге белгілі 1992 жылы 7 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Жарлықта отандық қарулы күшті қалыптастырып, ол үшін тиісті жағдай жасау керектігі айтылған. Ал негізінде қарулы күштерді құру 1991 жылдың 25 қазанында жасақталған Қорғаныс Комитетінен бастау алды. Қарулы күштер құрамына ел аумағындағы барлық әскер кірді. Елдің қорғанысы мен қарулы күшін қалыптастыру – егемендік алар сәттегі түйіткілді мәселенің бірі еді. Тарихқа көз жүгіртсек кеңес үкіметі құлаған тұста Қазақстан әскеріндегі ұлттық кадрдың үлесі екі-ақ пайыз болатын. Дегенмен қиын кезеңде әскер құруда басшылық мықты болды. ҚР қарулы күштерін құру барысында тәжірибелі мамандар үлкен іс атқарып, абыройлы міндет атқарды. Кадр жетіспеушілігіне қарамастан, айбынды әскердің болашағына сену – басты мақсат әрі міндет еді. КСРО әскери күштерінің есебіндегі барлық мекемелер, бөлімдер, құрамалар, ұйымдар, полигондар, сақтау базалары, қоймалар, жылжитын және жылжымайтын әскери мүліктер Қазақстан Республикасының құзыретіне берілді. Сол тұста Қазақстан қарулы күштері «Құрлық әскерлері», «Әуе-қорғаныс күштері», «Әскери-теңіз күштері» болып үшке бөлінді. Тағы бір айта кететіні, дәл сол күні генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовке генерал-полковник шені тапсырылып, еліміздің Қорғаныс министрі болып тағайындалды. Содан бері осы уақытқа дейінгі аралықта ел әскерін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.*

*-Әскерімізге сеніп, әлі де алаңсыз ұйықтай беруімізге бола ма?*

*-Кешегі батыр баба Бауыржан Момышұлы атамыздың ұрпағы, сол кісінің салған сара жолы өшкен емес. Өшпейді де. Бабалардан мұра болып қалған еліміз бен жерімізді қорғай алмау, біз үшін үлкен қасірет.*

*Оған шүбәңіз болмасын. Қазақстан әскері – қашан да қырағы. Бұл – ең алдымен Мемлекет басшысының ерен еңбегі деуге болады. Себебі, Мемлекет басшысы қай кезде болсын қорғаныс саласына үлкен назар аударады ғой. «Бейбітшілікке ұмтылсаң алдымен әскеріңді күшейт» деген мақал бар. Тегін айтылмаған сөз деп білемін. Мемлекет басшысы әлемдік болып жатқан жайттардың басында өзі болып, татулықты ту еткенімен, әскерін қарусыз һәм қараусыз қалдырған емес. Оны заман талабы дейсіз бе, қоғам талабы дейсіз бе, өзіңіз біліңіз.*




*- Қырағылықтың қыр-сырын әскерде болмаған адам қайдан білсін? Жалпы, әскер қатарынан табылуға деген жастардың құлшынысы қандай?*

*- Жастарды жаппай жамандаудан аулақпын. «Бір биеден ала да туады, құла да туады» дейді жұртымыз. Десе де, басым көпшілігі әскерге барудан бас тартпайды. Тіпті, сұранып бара алмай жүргендер қаншама? Ер азамат болғасын, сенің де таныс-тамырларыңның арасында әскерге аттана алмай жүргендер аз емес шығар? Осыған қарап, ой түзей бер. Тек, бір гәп – қазір ұлдардың шаруаларына шешелері көп араласады. Осы бөлімнің өзіне ертіп келеді. Меніңше, бұл дұрыс емес. Ана, ол үйде ана. Баласы үшін ана барын жасайтынын білеміз. Бірақ, әскердің аты әскер. Ер азаматты тәрбиелейді. Батырды шығарады. Сондықтан ер бала үйде бала, түзде ел қорғаны. Қашанда, қай кез болмасын саптан қалмайтын сардар болу керек. Бүгінде, ер азаматтардан да бөлек, қыздарымызда отанға қызмет етуде. Отан сүйгіштік патриоттық сезімдеріне қарап, көңілің толады.*

*-Мамандық таңдау - өміріңіздің бір кірпішин дұрыс қалау. Мамандық таңдауда әттең, қателестім дейтін кездеріңіз бола ма?*

*-Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мамандық иесі болу үшін алдымен білім мен қабілет керек. Өйткені білім арқылы адамның қабілеті артады, ал қабілеттілік білікті маман болуына өз үлесін тигізеді. Мамандық таңдау да еш қателескенім жоқ. Бала күнгі арманым. Балалық арманымның орындалуына көп атсалыстым. Өкінетін жерім жоқ. Өкінсем осы күнге дейін бұл салада қызмет атқармас едім. Отбасымда үлкен ағам осы әскер саласында. Білікті маман.*

*-Бүгінгі жастар тек қана бір жапырақ қағаз үшін, яғни диплом үшін кез-келген оқуды таңдай салады, арзанырақ болса болды немесе ата-анасының қалауы бойынша, тек қана диплом алып шықсам болды деп оқи салады. Осындай жастардың көбейіп кетуіне не себеп?*

*-Көпке топырақ шашуға болмайды. Мамандықты дұрыс таңдайтындары да бар. Негізі, әрбір бала ұядан не көреді, ұшқанда соны алады. Бала үшін ата-ана бірінші орында. Ата-ананың тәрбиесін көрген бала еш қатерсіз болады. Баланы жастан деген осы шығар бәлкім. Менде, әкемін. Әйелім екеуміз бүгінде бес бала тәрбиелеудеміз. Құдай көп көрмесін. Біз айнамыз бала үшін. Ата-ана отбасында қалай өзін ұстаса, көріп өскен бала соны қайталайды. Балаларымның анасы ұстаз. Ұстаздық жолымен бала тәрбиелеуде де өзіндік орны бар. Мен әскер адамымын. Әрбір отбасы, баласының құлағына, жай ғана диплом ала сал деп тәрбие бермеу керек. Таңдаған жолыңды бағала деу керек. Істер қызметіңді бағалай білмесең, сен оның қырын да сырында ұқпай, алар асуың жоқ болады. Міне, осыны ұғындыра білу керек деп ойлаймын. Бағаламасаң бағың таяр.*

*-Отан қорғау – еліміздің әрбір қайсар ұланының бас¬ты азаматтық борышы, парызы. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» демекші, ел қамын ойлайтын жастардың қатарын көбейту және қолдау мақсатында қандай іс-шаралар немесе жұмыстар ұйымдастырылуда?*

*-Қазіргі уақытта халықпен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді десек болады. Әр азамат әскери комиссариатқа келіп, әскери есепке алуға немесе әскери қызметке шақыруға қатысты анықтамалық материалдармен танысып, ақпарат алуға болады. Одан бөлек аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі жоспарға сәйкес аудан мектептерін, білім орындарын және колледждерді аралап әскерге бару, Отан алдындағы борышты өтеу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жастарға айбынды әскер туралы ақпарат беруді назардан тыс қалдырмайды. Сонымен қоса мектеп бітіруші түлектерге ҚР аумағындағы барлық саладағы әскери мамандарды даярлайтын орта және жоғары арнаулы әскери білім беретін әскери оқу орындарының тізімі беріліп, сол бойынша ақпарат пен оқуға түсуге бағыт-бағдар беріледі. Қорғаныс ведомствосының жоспарына сәйкес осы іс-шараларды жаппай іске асыру азаматтардың әскери қызметке ынтасын оятып, әскер мен қоғам арасында сындарлы байланыс¬ты бекемдей түседі.*

*-Қазіргі таңда мемлекет тарапынан әскери борышын өтеген азаматтарға жеңілдік қызметтері ұсынылып, қолдау көрсетілуде. Осы жөнінде нақтырақ айтып берсеңіз?*

*- Елімізде әскерден келген жастарға жоғарғы оқу орнына түсуге мемлекет тарапынан үлкен мүмкіндік жасалып отыр. 2022 жылдан бас-тап Қорғаныс министрлігі әскери қызметтің беделін арттыру, оның ішінде ҚР Қарулы күштерінің, басқа да әскери құралымдар қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтар үшін білім беру жеңілдіктерін алу жұмысына бас¬тамашы болды. Яғни жоғарғы оқу орнына түсуге ниетті әскерден келген азаматтарға тегін грант беріледі. Еліміздің барлық аймағы бойынша 65 оқу орнына жеңілдік қарастырылып және барлық жағдай қамтамасыз етілетін болады. Одан бөлек «Қарулы күштер қатарына шақырылған азаматтардың несиесі бойынша төлем жасау мерзімі өтіп кеткен болса, оны қалай шешеміз?» деген сұрақ туындайтыны анық. Бұл мәселені шешу бойынша, жастар әскерге шақыртылған кезде әскери комиссариат арқылы оларға тиісті анықтама ұсынылады. Егер олар шақырту кезінде тиісті анықтаманы алмаса, онда әскери бөлімдегі командирі тиісті құжатты береді. Бұл анықтаманы несиесі бар сарбаздар банктер мен қаржы ұйымдарына тапсырып, әскер қатарындағы сарбаздар тауыстарының атына сенімхат бере алады. Осы орайда сарбаздың жақындары банкке тиісті өтінімді тапсырады. Тиісті іс-қимыл алгоритімі бекітілді және қазір бұл бағытта толыққанды жұмыс жүргізіліп жатыр. Енді әскери қызметке шақырылған немесе оны өткеруші азаматтарға әскери бөлім ұсынған анықтама арқылы екінші деңгейлі банктер алдындағы олардың несиесі кейінге қалдырылады. Бұл уақыт 13 ай деп көрсетілген. Өйткені, әскери міндетті өтеу мерзімі 12 ай. Ал қосымша 1 ай әскерден келгеннен кейін жұмысқа орналасуы үшін беріледі.*

*- Әскери борыш – абыройлы міндет. Осы тұста жастарға әскери борыш туралы ойыңыз бен ағалық ақылыңызды айтсаңыз...*

*- Еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірінің сақшысы – өскелең жас ұрпақ. Әрбір ер азамат үшін ең басты міндет – Отан алдындағы борыш*
*өтеу екені сөзсіз. Отанды қорғау – мына сіз бен біздің ортақ*
*міндетіміз. Тепсе темір үзетін кез келген азамат әскери борышын өтеуге*
*асығады деген ойдамын. Осы тұста өскелең жас ұрпақты, еліміздің болашағы жастарымызды әскер қатарына Отан алдындағы борышын өтеуге шақырамын.*

*-Жаппай әскерге алу қаншалықты маңызы болса, ынталандыру да соншалықты маңызды ғой? Дұрыс түсіндім бе?*

*- Дұрыс. Себебі, әскерге барған адам тәртіпке бағынып үйренеді. Ал, баһадүр Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп бекер айтсын ба? Жоқ! Әскер – ең алдымен ер баланың ішкі тәртібін қалыптастырып, жауапкершілік жүгін арқалай білуге баулиды. Ол қасиет отбасы құрған кезде де айқын білінеді. Өзің тәртіпке бағына алмасаң, балаңа не бетіңмен тәртіпті бол деп айтпақсың? Отбасы жауапкершілігін қалай арқаламақсың? Қарапайым мысал. Осыны ұғыну үшін де озық милы адам болу керек емес шығар?*

*– Тәртіптен бөлек, әскерге жарамдылық деген мәселе бар емес пе? Бұрынғыдай емес, қазір талап та күшейді. Дәрігер тексерісіне дайын, әскерге жарамды болу үшін жастарға нендей кеңес берер едіңіз?*

*– Көп жағдайда ақау жастардың көзінен табылып жатады. Бұған кінәлі күні-түні телміріп отыратын телефон. Ал, дайын болу мәселесіне келетін болсақ, заң мұны әлдеқашан ойластырып қойған. Мәселен, ұлдар ҚР Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге алғаш тіркеуге алынған кезде салмағы жетпейтін, көзі көрмейтін, тісі бүтінделмеген сынды алдағы уақытта салмақ қосып, емделіп кететін балалардың жеке тізімін жасаймыз. Мекенжай бойынша емханаға емдеу шараларына жібереміз. Міне, сол тұста жастарға салғырттық танытпаған жөн.*

*Сүбелі сұхбатыңызға алғыс білдіреміз.*

**Арай ӘДІЛ,**
**Дайындаған.**

# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ХРОНОЛОГИЯСЫ

***Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады»— делінген. Бүгін біз сіздерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қызметін айқындап және жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында тәуелсіз Қазақстан Қарулы Күштерінің қалыптасу хронологиясымен таныстырамыз.***

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы 7 мамырда «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Жарлық негізінде алғашқы қорғаныс министрі ретінде генерал-полковник С.Қ.Нұрмағамбетов тағайындалды. Бұл күн тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері құрылған күн ретінде қалды. Бүгінде біз 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнін атап өтеміз.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің негізгі құрылымына бірнеше бөлімшелер кіреді: 40 жалпы әскер, авиациялық бөлім, радио және радио барлау бөлімшелері, жабдықтау бөлімдері, Байқоңыр ғарыш айлағындағы базалар, Семей полигоны, Сарышаған, Ембі, Арал теңізі, Барсакелмес аралдарындағы сынақ алаңын жабдықтау, қоймалар және басқа да бөлімдер мен мекемелерден тұрады. Қазақстанда барлығы 200 мыңнан астам әскери қызметкер бар. Олардың қарауында әскери стратегиялық қарулардан басқа 1200 танк пен бронды техника, 1500 артиллериялық жүйе және 370 әскери ұшақтар болған.

Тәуелсіз Қазақстан армиясын құруда қорғаныс мәселесі бойынша құқықтық негіз қалаудың маңызы зор болды. Бұл жұмыстарды мақсатты түрде Президент, Үкімет, Қорғаныс министрлігі жүргізді. Жас республиканың Отан қорғау мәселелері жөніндегі алғашқы заңдары өз уақытында дайындалуы шарт еді.

- 1992 жылы 22 қыркүйекте Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғаныс туралы» Заң қабылдады.

- Төрт айдан кейін, 1993 жылы 19 қаңтарда «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы» күшіне енді.

- Кейінірек, 1993 жылы 1 ақпанда «Әскери қызметшілердің және олардың отбасының мәртебесі әлеуметтік қорғалуы туралы» заңы күшіне енді.

- Президенттің 1993 жылы 11 ақпанда бекіткен алғашқы әскери доктринасы ұжымдық түрде дайындалды. Соғыстың алдын алу, қорғаныс қабілеттілігінің жеткіліктілігі, ТМД елдерімен өзара көмек ассоциациясының қағидаларына негізделген. Доктринаның ережелері мемлекеттің сыртқы саясаты мен әскери қызметінде кеңінен қолданылды.

1992 жылы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) және 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болды. Қазақстан қабылдаған шарттар мен келісімдерді, атап өтер болсақ, қаруды шектеу мен қысқарту жөніндегі міндеттерті де бұлжытпай орындап келеді. Орташа және шағын радиусты аймақтарда сыналатын ракеталар келісімшарттарда көрсетілген уақыт ішінде тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бері шет мемлекеттермен қарым-қатынастарға ерекше назар аударады. Шет елдермен қарым-қатынастың негізі - шекара бірлігі және бейбітшілік. Алайда, кез-келген елдің өз туы, әнұраны және шекарасы бар сияқты, ешқандай ел Қарулы Күштерсіз өмір сүре алмайды. Қарулы Күштер құрамына құрлық әскерлері, әуе күштері және әуе қорғанысы күштері кіреді.

1993 жылы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әскери–теңіз Күштерін құру туралы» Заңы қабылданды.

Флотқа бірінші болып капитан Испамов бастаған сегіз әскери-теңіз офицері қосылды, ал Ақтау порты негізгі база ретінде тағайындалды. 1-шенді капитан Р.А. Комратов әскери – теңіз базасының командирі, кейін Әскери–Теңіз күштерінің қолбасшысы болып тағайындалды. Ол тұңғыш қазақ контр-адмиралы болды.

1997 жылы 17 қарашада Президент Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үш жақты құрылымға ауыстырылды: Жалпы әскери күштер, Әуе қорғаныс күштері және Мемлекеттік шекараны қорғау күштері.

2000 жылы 10 ақпанда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Әскери доктринаны бекітті. Онда әскери қақтығыстардың алдын-алу және келіспеушіліктерді дипломатиялық тәсілдермен шешуге баса назар аударылды. Геосаяси өзгерістер мен түрлі қақтығыстар, сондай-ақ терроризм, діни экстремизм, ұйымдасқан қылмыс, қару-жарақ пен есірткі



саудасы сияқты қауіп-қатерлердің көбеюі талқыланды. Бұл сонымен бірге толық экономикалық қауіпсіздік пен әскери қауіпсіздікті қажет етті. Әскери доктрина негізінде, 2000 жылы 7 шілдеде «Әскери реформа тұжырымдамасы» және «Әскери құрылыстың 2005 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Қабылданған құжаттар толығымен іске асырылды.

2000 жылдың 7 тамызында Президенттің нұсқауы бойынша жаңа әскери-әкімшілік құрылымы - әскери аймақтарды құру жұмыстары басталды. Қазақстан әскеріндегі бөлімшелердің және құрамалардың жауынгерлік оқулар Ауғанстандағы соғыстың, сондай-ақ өзге аймақтарда болып жатқан соғыстардың негізінде жасақталып, оқыту жұмыстары қатаңдады. Оқу сынығында өтетін сабақтарды далалық-роталық және батальондық жаттығулар алмастырып, жауынгерлік атыстармен, әр түрлі ауқымдағы командалық-штабтық жаттығулармен толықтырылады.

1994 жылы 14 мамырда Әуе күштері мен Әуе қорғанысы әуе кеңістігін қорғау бойынша жалпыұлттық командалық-штабтық жаттығу өткізді. 115 тамызда Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен гвардиялық гарнизон бөлімдерінің кешенді командалық-штабтық жаттығуы өтті. 1995 жылы 3-7 қыркүйекте Гвардейский аймағында кешенді жазғы тактикалық жаттығулар өтті. Бір жылдан кейін, 1996 жылы 13 қыркүйекте Әскери-әуе күштері бөлімшелерінің жауынгерлік дайындығын және олардың авиациямен өзара байланысын тексеретін жаңа жаттығулар өткізілді.

1998 жылы 28 тамызда Жоғарғы Бас қолбасшының қатысуымен тылды қамтамасыз ету бөлімдерінің кешенді жаттығуы өтті. Жаттығуға қатысушы сарбаздар үлкен дайындыққа екенін дәлелдеді.

2000 жылы сәуірде Қарулы Күштер басқармасы органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті бөлімшелерінің және Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің стратегиялық командалық-штабтық жаттығуы өтті. Онда терроризмге қарсы операциялар жүргізуде басты шартты жаттығулардың қалыптастыру тәсілдері жасалып, ортақ шешімге келді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылған кезінен бастап Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (ҰҚШ) қол қойған елдердің әскерлерімен өзара құрмет пен тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға үлкен мән берді.

1995 жылы 10 ақпанда «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Әуе шабуылынан қорғаныс жөніндегі біріккен жүйесін құру туралы» туралы келісімге қол қою ТМД құрамына кіретін мемлекеттер өмірінде үлкен маңызға ие болды. Осыған сүйене отырып Армения, Беларусь Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Украина әскери салада ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру бойынша нақты шаралар қабылдады.

Қазіргі уақытта ТМД-ның әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштері біріккен жауынгерлік миссиялар жүйесін қалпына келтіруге, әуе жағдайлары туралы ақпарат алмасуға қол жеткізді. Кейбір елдердегі, соның ішінде Қазақстандағы, Ресейдегі және Өзбекстандағы жүйелердің көпшілігі мұндай алмасуды автоматты түрде басқарады, бұл әуе қорғанысы күштері мен құралдарының дайындығын уақытына түзетуге мүмкіндік береді. Әуе қорғанысы әскерлерінің, күштері мен құралдарының бірлескен іс-қимылдары мен жауынгерлік дайындық жүйесі құрылды және дамыды.

Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің қарамағына зениттік бөлімшелері аэродинамика және ұшу көрсеткіштері бойынша әлемдегі ең үздіктердің қатарына кіретін МиГ-29, МиГ-31, Су-25, Су-27-мен ұшақтары кіреді.

Бірлескен жаттығулар жауынгерлік қимылдардың тактикалық деңгейдегі дағдыларын жетілдіреді. Басқару органдарының дайындық пен жаттығу жүргізу жөніндегі тәжірибелерін байытады. Сонымен қатар, әскери орталықтар мен әртүрлі ел тұрғындары арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың артуына мүмкіндік береді.

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтар туралы не білеміз: Ел білмейтін деректер

Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жерінен 1,2 миллионнан астам жауынгер аттанды. Олардың жартысынан көбі майданнан оралмады. 9 мамыр - Жеңіс күніне орай бұл жазбамызда майдан шебінде ерлік көрсеткен тұлғалар жайлы айтамыз.

Жеңіске жету жолында Қазақстан халқының елеулі үлес қосқанына тарих куә. Қазақ жерінен соғысқа аттанған қанша жауынгер Кеңес Одағының батыры атағын алды? «Жеңіс солдаттары» кітабында берілген мәлімет бойынша 506 жауынгер Кеңес Одағының батыры атағына ие болды, оның төртеуі бұл атақты екі рет иеленді. Ал жүздеген майдангер «Даңқ» орденінің иегері атанды.

Ұлы Отан соғысының тарихында Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды қазақ жерінен шыққан батырлардың есімдері алтын әріппен жазылды.

Мыңдаған қазақ жауынгерінің арасында өшпес ерлік жасағанымен, атақ-даңққа ілікпегендері де бар. Отаны үшін жанын пида еткен батырлардың есімдері ұрпақтың жадынан ешқашан өшпеуге тиіс. Осы орайда «Жеңіс солдаттары» кітабында жазылған бірқатар майдангердің ерлігі жайлы мәліметтер ұсынамыз.

Қуандық Бәлкебаев соғысқа өз еркімен аттанды, Қызылтулы Балтық флотына түсті. А.Попов атындағы Красноштад байланыс мектебін аяқтағаннан кейін капитан-лейтенант, Кеңес Одағының Батыры Абрам Григорьевич Свердловтың басқаруындағы 2-дивизионның су астынан мина ататын кемелер отрядындағы бір кемеге радиотелеграфист болып тағайындалды. Осы қызметінде ол кеңес теңіз әскерінің Фин шығанағындағы Виргунд, Сескар және Тьютерс аралдарына түсуін радиобайланыспен қамтамасыз етуге қатысты.

1944 жылы қыркүйекте кеңестік су астынан мина ататын кемелермен Финляндиядан Балтық теңізіндегі немістердің портына қарай келе жатқан фашистердің қарауыл транспорттарына қарсы жанды күшпен және техникамен болған шабуылға қатысты. Шабуыл сәтті аяқталды, фашистердің 8 мың тонна су сиятын екі ірі кемесін суға батырды, бұл шабуылда ол өмірімен қоштаса жаздады. Қуандық Смағұлұлы болған кемеге жаудың снаряды тиіп, суға бата бастады, оның ішінде болғандардың барлығы мұзды суда қалып қойды. Оларды бірден құтқара алмады, себебі шабуылдау жалғасып жатқан еді, тек шабуыл аяқталғаннан кейін ғана оларды құтқарып алды.

Фин шығанағындағы операцияны сәтті жүргізгені үшін қатысушылардың барлығы «Нахимов» медалімен марапатталды.

Өкпесінің екіжақты қабынуына байланысты Қуандық Бәлкебаев алты ай бойы госпитальда емделді, денсаулығы өмір бақи нашарлады. Бұл жағдайды есіне алған жауынгер: «Ең бастысы, мен тірі қалдым және осы үшін тағдырыма алғыс айтамын!» - деген еді.

Сағадат Нұрмағамбетов 1942 жылы Түркімен пулеметшілер училищесіне бағытталды, оны тәмамдағаннан кейін 1943 жылы майданға келді, Солтүстік Кавказ, 3-Украин, 1-Белорусь майдандарының құрамында болып, Кубань, Украина, Батыс Белоруссия, Польша мен Германияны азат ету шайқастарына қатысты.

Сағадат Қожахметұлы жайында қызметтестері мен таныстары көп жылы сөз айтады. 301- дивизияның командирі, генерал-майор Антонов естелік кітабында былай жазған: «Нұрмағамбетовтың пулеметшілер ротасы фашистік шынжырларды жойды. Капитанның өзі де пулеметтен дұшпанның шынжырына оқ жаудырды».

Сағадат Нұрмағамбетовтің ерлігі туралы марапаттық құжаттарында да айтылады:

«1945 жылғы 14 қаңтардағы жоюшы батальонның құрамында (Польша) Выборув селосы маңайындағы мықты бекінген жаудың қорғанысына жасаған шабуылы. Жаудың күші мен техникасын жоюға пулеметшілер ротасын үздік басқарды. Жаудың екінші жарты траншеясына қарсы шайқас кезінде, станокты пулемет есептен шыққанда, капитан Нұрмағамбетов батырлық пен ерлік көрсетіп, нысанашыны алмастырып, қарсыластың жаяу әскеріне орасан зор оқ жаудырды. Өзінің аймағында жаудың екі қарсы шабуылын тойтарып, 65 гитлершілдерді жойды, ал қалғандарын тым-тырақай қашырды».

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери қимылдарға қатысып, пулеметшілер взводын, пулеметшілер ротасын, атқыштар батальонын басқарған жауынгердің оқиғалары С.Қ.Нұрмағамбетовтың «Лицом к огню», «Надежный страж Социалистической Революции», «Мой передний край», «А в памяти нет тишины» атты кітаптарында суреттелген.

Сұлтан Жиенбаев Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1941 жылдың желтоқсан айында институттың екінші курсынан өз еркімен 100-жеке қазақ атқыштар бригадасының құрамында майданға аттанады. Онда танкіге қарсы қарулар тобының командирі бола жүріп, Ржев, Великие Луки, Невель қалаларын азат етуге қатысқан. 1944 жылы үшінші рет ауыр жарақат алуына байланысты Қарулы күштер құрамынан босатылады.

Ұлы Отан соғысындағы қаһтегістерде танытқан ерліктері үшін тоғыз жауынгерлік төсбелгілермен марапатталған. Солардың ішінде: екі мәрте Ұлы Отан соғысының 1-дәрежелі ордендерімен, Ресейдің «Ұлы Жеңіс» орденімен, «Ерлігі үшін», «КСРО шекарасын күзетудің үздігі», «Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі ерен еңбегі үшін» медальдары бар. Алматыға оралған соң Түркістан-Сібір теміржолының Алматы бөлімшесінде басшы болып еңбек жолын бастаған.

Рахымберді Аликов дивизия құрамында гвардиялық атанып, бірнеше мәрте жауынгерлік ерлік жасады. Курск иініндегі шайқастардың бірінде снайпер Аликов бейтарап шепке өтіп, ротаға бас көтертпей оқ жаудырып жатқан неміс пулеметшісін өлтірді. Осы ерлігі үшін ол жауынгерлердің ең жоғары наградаларының бірі – «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Кривой Рог қаласы түбінде ол ауыр жараланды. Госпитальда емделіп жатқанда оған мүгедектік беріп, тылда қалдырмақшы болды. Бірақ ол мұнымен келіспеді, өзінің дивизиясына қайта оралып, соның құрамында барлық жауынгерлік операцияларға қатысып бүкіл Европаны басып өтті. «Будапештті алғаны үшін», «Праганы алғаны үшін» медальдарымен наградталды, ал бұған дейін ол Украина мен Молдавияны азат ету шайқастарына қатысқан.

Асқар Закарин 100-атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеуден Брестке дейінгі аралықты, әрі қарай Кенигсбергке дейін жүріп өтті, сосын Манчжуриядағы Квантун әскерін құлатуға қатысқан.

Асқар Закарұлы жауынгер қазақтарға арналған газеттің тілшісі болды. Мұнда ол өзінің әдеби қабілетін шыңдауға мүмкіндік алды. Көптеген қазақ жауынгерінің өмірі мен ерліктері туралы газет бетіне жазды. Олардың ішінде Мәншүк Мәметова да бар еді. Мәншүктің ерлігі жайында жазған мақаласы арқылы оны бүкіл Кеңес Одағы таныды.

397 фашистің көзін жойған мерген Төлеуғали Әбдібековтің ерлігі туралы stan.kz сайтында мынадай мәлімет баяндалған:

Биіктікке қарсы шайқастар болды. Олар бір аптадан астам уақытқа созылды. Осы уақытта снайпер Әбдібеков 19 немістің көзін жойды. Әйтеуір, кеңес әскері биіктікті қайтарып алды, бірақ немістер тыныш отырмай қарсы шабуылға шықты. Сол кезде 25 жау жауынгері дәл Төлеуғалидың жертасасына қарай бара жатады. Жаудың 25 сарбазына Төлеуғали жалғыз өзі төтеп беруі керек болды. Дала аңшысының қырағы көзі бірден оптикалық көздеуішке түседі. Әбдібеков нысананы дәл көздей алатын мерген болатын. Сонда ол жау әскерінің жақындағанын көріп, оларды көздей бастайды. Сөйтіп, өзіне жақындап қалған жау офицерлерін арты-артынан қарға құлатады. Ал олардың оққа ұшқанын көрген басқа немістер қорқа бастады. Жан-жағына жалтақтаған олар снайпердің қай жақтан атылып жатқанын түсінбей, сасқандарынан қаруды көздеймей-ақ оқ жаудыра бастайды. Ал снайпер үрейі қашқан немістердің әрқайсысын көздеп бір-бірден құлата берді.

Ақырында жау жауынгерлері снайпердің қайдан атып жатқанын анықтай алды. Сонда олар жерге жата қалып, оған оқ жаудыра кетті. Бірақ, олардың оғы Төлеуғалидің басынан өтіп кете барды. Қақтығыс осылай бірнеше минутқа созылды. Ұрыс алаңында оннан астам неміс әскері бір снайпершіге қарсы оқ атып жатты. Бірақ олардың саны кемігені болмаса Әбдібековке бір оқ та тигізе алмады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда қандай әскери мамандар дайындалды?

Батырлардың ерлігі жазылған «Жеңіс солдаттары» атты кітапта соғыс жылдарында Қазақстанда қанша әскери маман дайындалғаны туралы деректер берілген:

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен-ақ Қызыл Армия үшін офицерлік кадрлардың күрт көбеюі қажет екені бірден сезілді. Фашистік Германия тұтқиылдан ашқан қатыгез соғысқа офицер кадрларды әзірлеуде Қазақстан маңызды рөл ойнады. Соғыс басталар алдында Қазақстанда тек 1940 жылы негізі қаланған Алматы атқыш-пулеметшілер училищесі ғана болды.

1941 жылы училище армияға 2429 жас офицерді дайындап, 5 рет түлектерді оқытып шығарды. 1942 жылы 2869 офицер оқытылды, 1943 жылы – 154, 1944 жылы – 88 офицер дайындалды. Барлығы бұл училищені 6333 жас түлек бітірді.

Майданға жақын аудандарда орналасқан бірқатар әскери академиялар мен училищелерді Қазақстанға көшіруге байланысты елдегі әскери оқу орындары жүйесі елеулі түрде кеңейтіліп, кадрларды дайындау ауқымы да артты. Әскери оқу орындары әрекеттегі армияға командирлер мен басқа да кадрларды даярлау үшін барлық шараларды қабылдады. 1941 жылғы қыстың басында ұшқыштар әзірлейтін Селищенский, Серпуховский және Сталинград әскери училищелері мен авиамеханиктердің әскери мектептері Қазақстанға көширілді:

•10 тамызда Петропавловскіге Селищенский (Новгород облысы) авиамеханиктер әскери мектебінің курсанттары мен командирлік-оқытушы құрамы келіп жетті. Бұл оқу орны 1941-1944 жылдары 2400 авиамеханик пен 400 моторист дайындап шығарды;

•26 қазанда Серпухов авиамеханиктер әскери мектебі Қызылордаға көшірілді. Соғыс жылдарында ол 4097 авиамаман даярлады, оның ішінде 49 истребитель-ұшқыштарды, 3937 авиамеханикті және 111 авиамотористі дайындар шығарды;

•1941 жылдың 6 қарашасында Сталинград ұшқыштар әскери училищесі Қостанайға эвакуацияланды және соғыс аяқталғанша мұнда 2444 истребитель-ұшқыштар дайындалды.

•1942 жылдың ақпанынан 1943 жылдың сәуір айына дейін Гурьевте (қазір Атырау қаласы) әскери-жаяу училище жұмыс істеді. 1942 жылдың желтоқсанында ол алғашқы лейтенанттарды дайындады.

Сұрапыл соғысқа аттанған әрбір жауынгер өзінің тағдыры үшін ғана емес, келешек ұрпағы үшін қан майданда күресті. Бүгінде әр үйдің төрінде майдангер атаның суреті ілулі тұр десек қателеспейміз. Бейбіт күн кушін жан алысып, жан берісken батырлар ерлігі ұрпақ жадынан ешқашан өшпеуге тиіс.

**ЖШ АҚПАРАТ**

# БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН «БІР» ЭЦҚ

***Процестерді оңтайландыру және ЭЦҚ кілттерін алу, сақтау және пайдалану процедурасын жеңілдету үшін Ұлттық куәландырушы орталық екі ЭЦҚ кілтін беру мен пайдаланудың қазіргі процесінен бір ғана кілтті пайдалануға көшті, яғни, жеке және заңды тұлғаларға МемСТ алгоритмі негізінде бір кілт берілетін болады, ол авторизациялау үшін де қол қою үшін де қолданылатын болады.***

«Мемлекеттік қызметті алудың бір жолы – электрондық цифрлық қолтаңба кілттері. Жаңа цифрлық технологияларды енгізуде қазіргі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және криптографиялық стандарттардың соңғы нұсқаларын пайдалану қажет. Бұл стандарт алдыңғы стандартпен салыстырғанда ЭЦҚ кілтінің ұзақтығын екі есеге ұлғайтты», - деді басқарма төрағасының м.а. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Дмитрий Мун.

Негізгі өзгерістер мыналарды қамтиды:

- Бір тіркеу куәлігі: авторизация мен қол қою үшін екі тіркеу куәлігінің орнына енді біреу ғана беріледі, бұл цифрлық кілттерді басқару процесін жеңілдетеді.

- Ескі электрондық цифрлық қолтаңбаның жарамдылық мерзімі: ГОСТ 2015 алгоритміне көшкенге дейін бұрын шығарылған барлық ЭЦҚ олардың жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін қолдау көрсетілетін болады.

- Жаңарту оңай: мобильді қосымшада жаңа ГОСТ 2015 стандартын пайдалану үшін eGov Mobile қосымшасын жаңарту жеткілікті.

Сонымен бірге, заңды тұлғалардың пайдалануына арналған келесі талап етілмеген үлгілер де қолжетімді үлгілер тізімінен алынып тасталды:

- «Қаржылық құжаттарға қол қою құқығы бар қызметкер»;

- «Кадр бөлімінің қызметкері».

eGov Mobile қосымшасында жаңа ЭЦҚ қолдану тәртібі:

1. Қолданбаның жоғарғы сол жақ бұрышындағы «Кіру/Тіркеу» тармағын таңдаңыз.

2. Авторизациядан өту үшін «Менің цифрлық қолтаңбамды пайдалану» түймесін басыңыз.

3. «ГОСТ 2015 ЭЦҚ арқылы кіру» опциясын іске қосыңыз.

4.Электрондық цифрлық қолтаңбаны көрсетіңіз және құпия сөзді енгізіңіз.

5. «Кіру» түймесін басу арқылы логиніңізді растаңыз және құпия кодын орнатыңыз.

6. Қауіпсіздікті арттыру үшін Face ID немесе Touch ID арқылы биометриялық сәйкестендіру опциясын пайдаланыңыз.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
Қоғаммен байланыс басқармасы**

# «ОДНА» ЭЦП ДЛЯ ВСЕХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

***Для оптимизации процессов и упрощения процедуры получения, хранения и использования ключей ЭЦП, Национальный удостоверяющий центр перешел от текущего процесса выдачи и использования двух ключей ЭЦП к применению только одного ключа, т.е. физическим и юридическим лицам будет выдаваться один ключ на алгоритме ГОСТ, который будет использоваться и для авторизации, и для подписи.***

«Одним из способов получения государственных услуг являются ключи электронной цифровой подписи. С внедрением новых цифровых технологий, необходимо обеспечивать безопасность в текущих реалиях и использовать актуальные версии криптографических стандартов. Данный стандарт увеличил длину ключа ЭЦП в два раза по сравнению с предыдущим стандартом», - отметил и.о. председателя правления АО «Национальные информационные технологии» Дмитрий Мун.

Ключевые изменения включают:

- Одно регистрационное свидетельство: вместо двух регистрационных свидетельств, предназначенных для авторизации и подписи, теперь будет выпущено только одно, что упрощает процесс управления цифровыми ключами.

- Срок действия старых ЭЦП: все ранее выпущенные ЭЦП до перехода на алгоритм ГОСТ 2015, будут поддерживаться до истечения срока их действия.

- Простота обновления: для использования нового стандарта ГОСТ 2015 в мобильном приложении необходимо просто обновить приложение eGov Mobile.Процедура использования новой ЭЦП в мобильном приложении eGov Mobile:

1. Выберите «Вход/Регистрация» в верхнем левом углу приложения.

2. Нажмите «Использовать мои ЭЦП» для авторизации.

3. Активируйте опцию «Войти по ЭЦП ГОСТ 2015».

4. Укажите путь к вашей ЭЦП и введите пароль.

5. Подтвердите вход, нажав «Войти», и установите код быстрого доступа.

6. Для увеличения безопасности используйте опцию биометрической идентификации через Face ID или Touch ID.Также исключены из списка доступных следующие невостребованные шаблоны, предназначенных для использования юридическими лицами:

- «Сотрудник с правом подписи финансовых документов»

- «Сотрудник отдела кадров».

**Управление по связям
с общественностью
АО «НИТ»**

# ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ НЕЛІКТЕН УАҚЫТЫЛЫ РЕСІМДЕУ КЕРЕК?

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) Қорда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен адамдардың, сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша алуға құқықтары бар екенін еске салады.

Қордан зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толуына байланысты тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға, ал бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты төлем алу үшін Қор бөлімшелеріне, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар болса БЖЗҚ сайты арқылы уақытылы жүгінулері қажет. Алушы зейнет жасына толғанға дейін 10 күн бұрын ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарын өткізуі керек. Біз осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз. Себебі, бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін өте маңызды, оны тағайындау үшін ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Оған қоса, заңнамаға сәйкес жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық төлем тағайындау өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Мұндай күн болып өтініш пен қажетті құжаттар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, ХҚКО) тіркелген күн есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, жасы бойынша зейнетақыны жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған адамдар ала алады: 2024 жылы ерлер 63 жасқа, әйелдер 61 жасқа толғанда. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындай азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ оларға Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

Мәселен, ағымдағы жылдың 1 наурызына қарай жыл сайынғы салыстыру нәтижелеріне сәйкес зейнетақы жасына толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және оны төлеуге өтініш білдірмеген 200 мыңға жуық адам Мемлекеттік корпорацияның мәліметтері бойынша анықталды:

• 45 мыңға жуық адам жасына байланысты зейнетақы төлемдерін/базалық зейнетақы алмайды;

• шамамен 92 мың адам бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты/базалық зейнетақы/еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алады, оның ішінде:

- ағымдағы жылы 20 мыңға жуық азамат БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемін алу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға өз бетінше өтініш білдірді;

- 72 мыңға жуық азаматқа салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері проактивті форматта тағайындалды;

•63 мыңға жуық адам Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен не қайтыс болған адамдар санатында.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша БЖЗҚ ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында 72 мыңға жуық азамат ХҚКО-ға проактивті форматта жүгінбесе де, БЖЗҚ оларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА МӘМС АЯСЫНДА ИНСУЛЬТКЕ ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАРДЫ ЕМДЕУДЕ БІРЕГЕЙ ӘДІС СӘТТІ ҚОЛДАНЫЛУДА



***Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың нейрохирургия бөлімі негізінде механикалық рентгенэндоваскулярлық тромбоэкстракция әдісімен дәрігерлер инсультпен ауыратын науқастарға сәтті оталар жүргізуде. Бұл жоғары технологиялық отаның құны 6 млн. теңгені құрайды, бірақ МӘМС есебінен пациенттер оған тегін қолжеткізе алады.***

Осылайша, екі ай ішінде мидағы тамырларында тромбоз пайда болған 5 пациентке ота жасалды.

Айта кету керек, рентгенэндоваскулярлық тромбоэкстракция инсульттің қайғылы салдарын болдырмауға көмектеседі, өйткені операция инсульт болғаннан кейінгі алғашқы 6 сағатта жасалады.

Тромбтың орналасқан жері анықталғаннан кейін тромбоэкстракция жасалады, яғни арнайы катетерлер арқылы арнайы стент-ретривер құрылғысы тромбты ұстап алып тастайды.

«Бұл әдіс тромбпен бітелген ми артериясындағы қан айналымын тез және тиімді қалпына келтіруге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл операцияның аз инвазивтілігі үлкен артықшылық болып табылады, себебі одандан кейін пациент өзінің әдеттегі өмір салтына тез оралады», - деп атап өтті нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Айрат Жүнісов.

# В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ В РАМКАХ ОСМС УСПЕШНО ВНЕДРИЛИ УНИКАЛЬНЫЙ МЕТОД УДАЛЕНИЯ ТРОМБОВ ИЗ СОСУДОВ ПРИ ИНСУЛЬТЕ

***Методом механической рентгенэндоваскулярной тромбоэкстракции на базе отделения нейрохирургии областной больницы города Талдыкорган врачи успешно оперируют пациентов с инсультом. Стоимость данной высокотехнологичной операции составляет 6 млн. тенге, но за счет ОСМС пациенты получают ее бесплатно.***

***Так в течение двух месяцев было прооперировано 5 пациентов, которые столкнулись с тромбообразованием в сосудах мозга.***

***Важно отметить, что рентгенэндоваскулярная тромбоэкстракция помогает избежать трагических последствий развивающегося инсульта, ведь операция проводится в первые 6 часов с наступления инсульта.***

***После того как определяется местонахождение тромба выполняется тромбоэкстракция, то есть через специальные катетеры к тромбу подводится специальное устройство стент-ретривер для захвата тромба и его удаления.***

***«Этот метод помогает быстро и эффективно восстановить кровоток в закупоренной тромбом артерии головного мозга. Помимо этого большим преимуществом является малоинвазивность и малотравматичность данной операции, после которого пациент быстро возвращается к своему привычному образу жизни»,- отмечает заведующий отделением нейрохирургии Айрат Жунусов.***

# АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

***1.Кто имеет право на досрочное использование своих пенсионных накоплений в полном объеме, а кто на частичное использование? Что для этого необходимо?***

